

## сторона А

ЕГЕР СІЗ НЕМЕСЕ СІЗДІҢ  
ТАНЫСТАРЫНЫЗ  
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫН  
ҚҰРБАНЫ БОЛСА:



Жедел жәрдем шақыру қажет немесе қажетті алғашқы медициналық көмек көрсету керек.

«102» телефон нөмірі немесе мобильді қосымшасы арқылы қонырау шалып, полицияны шақыру қажет.

Жедел жәрдем және (немесе) полиция келгенге дейін күімді жууга, жуынуға, қаның, шәуектің іздерін сұртуғе, қылмыс болған жерде заттар мен нәрселерді ұстаяға болмайды.

Сенім телефондарының нөмірлері:  
Нұр-Сұлтан қаласының  
Полиция департаменті  
ювеналдық полиция бөлімінің нөмірі  
**8-(7172)-71-6259**  
111- отбасы, әйелдер мәселелері  
және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызмет нөмірі.

НУР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ ГОРОДА НУР-СУЛТАНА

## ТҮСІНГЕН МАҢЫЗДЫ!

Кез келген сексуалдық зорлық-зомбылыққа тек оны жасаған адам кінәлі.

Жәбірленушінің мінез-құлқы, сыртқы келбеті, моральдық келбеті, әлеуметтік мәртебесі, зорлаушы мен оның арасындағы бұрын болған қарым-қатынас занды тұрғыдан маңызды емес және жазалануға әсер етпейді.

Статистика бойынша жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың көпшілігін бұрын таныс болған адамдар, соның ішінде туыстар, көршілер, достар, тәрбиешілер және басқалар жасайды.

Кәмелетке толмаған адамға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс туралы құзыретті органдарға хабарламаған адамдар да қылмыстық жауаптылықта тартылады.



**СЕКСУАЛДЫҚ  
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА  
ЕШҚАНДАЙ АҚТАУ  
БОЛМАЙДЫ!**

НУР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ ГОРОДА НУР-СУЛТАНА

**СЕКСУАЛДЫҚ  
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН  
ӨЗІНІЗДІ ҚАЛАЙ  
ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ**

(жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына арналған жаднама)



## сторона Б

Сексуалдық зорлық-зомбылық – бұл жыныстық құштарлықты қанағаттандыру үшін кез келген жанасу немесе қатынас.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс болып табылады.

«Тиіспеушілік» деген сөз баланың жыныстық қатынысқа түсініне не оған қатысты сексуалдық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер жасауға ешкімнің құқығы жоқ екенін білдіреді.

### СЕКСУАЛДЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ:

-бала күімде немесе киімсіз екеніне қарамастан оған оның қалауынсыз жақындауда;  
-баланы жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеуде немесе көндіруде;  
-баланы денесінің немесе бетен адамның денесінің интимдік бөліктерін ұстаяға мәжбүрлеуде;  
-эротикалық немесе порнографиялық сипаттағы фото және бейнематериалдарды дайындауға, жіберуге мәжбүрлеуде немесе көндіруде;  
-сексуалдық астары бар әңгімеде не хабарламада білінеді.

НУР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ ГОРОДА НУР-СУЛТАНА

### БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Кез келген адам зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін.

Кез келген зорлық-зомбылықты жасауға ӘРҚАШАН оны жасаған адам кінәлі екенін түсінү керек.  
Жазадан қорқып, қылмыскердің зардап шеккен адамның өзін кінәлауға тырысуы, оған немесе оның туыстарына зиян келтіремін немесе жаман атақ қалдыратын, қорлайтын ақпарат таратамын деп қорқытуы мүмкін. Осындаі әрекеттердің барлығы заңыз болып табылады, ол үшін қылмыскер жазаланады.

**СЕНИҢ КЕЛЕСІМІНІСІЗ САҒАН ҚОЛ  
ТИГІЗУГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ЖАҒЫМСЫЗ  
ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУҒА  
ЕШКІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.**

Зорлық – зомбылық профилактикасы үшін мынадағы бірнеше қағидаларды ұстапуға тырыс:  
-құдікті байланыстар, ұнамсыз жанасу фактілері, басқа адамдардың қадалған назары туралы сенім білдіретін адамдарға дереу хабарлау  
-тәнис емес адамдардың ортасында, әсіресе тұнгі уақытта болудан аулақ болу;  
-қарауғы, адамдар жүрмейтін, бос жерлер мен қараусыз қалған гимараттардың жанынан журуден аулақ болу;  
-тәнис емес адамдармен кіреберіске немесе лифтіге кірмеу;  
-есікті бейтаныс адамдарға, олар өздерін кім деп таныстырыса да ата-ананың рұқсатының ашпау;  
-Интернет желісінде қауіпсіз болу ережелерін сақтау: интимдік сипаттағы фото және бейнематериалдарды жібермеу, жасы едәуір үлкен бейтаныс немесе тәнис емес адамдармен араласпау, өзінің орналасқан жері туралы қажеттілікіз хабарламау.

### АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Балаға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылықтың ықтимал фактілерін көрсететін сигналдар:

- пайда болуы белгісіз дene жарақаттары;
- жыныс органдары аймагындағы ауырсынударға, ішінің, басының ауырсынуына, басының айналуына, жүрек айнуына шағымдану;
- көніл-күйдің күрт теріс жақса өзгеруі, ешқандай себепсіз агрессияның өршүі;
- белгілі бір адамның қасында қалуға қорқыныш немесе ол адам туралы айтқанда көніл -күйінің өзгеруі;
- үйқының, тәбетің бұзылуы;
- білім беру үйымдарына, белсенділіктің қосымша түрлеріне барудан бас тарту;
- дene мүшелерін зақымдау актілері
- интимдік сипаттағы фото мен бейнематериалдарға қызығушылықтың пайда болуы.

Баламен жылы және сенімді қарым-қатынас орнату, оған әрдайым көмектесуге дайын екенін білдіру, қарым-қатынас ортасын, хоббиін, әлеуметтік желілердегі аккаунттарын білу маңызды.

НУР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ ГОРОДА НУР-СУЛТАНА